

**Құрлық әскерлері Әскери институтының  
2019-2020 оқу жылына арналған ғылыми жұмыс жоспарына сәйкес  
2020 жылғы 19 ақпанда өткізілген жоғары оқу орындары арасындағы  
ғылыми-теориялық конференциясының есебі**

**Конференцияның тақырыбы:** «Курсанттарды оқыту мен тәрбиелеудің өзекті мәселелері: бүгінгі таңда оларды шешу жолдары».

**Конференцияның мақсаты:** қазіргі таңда болашақ кадрларды дайындауда курсанттарды оқыту мен тәрбиелеудің негізгі мәселелерін талқылау және Қазақстан Республикасындағы әскери оқу орындарында білім беру мен тәрбиелеуді ұштастыра отырып, алдыңғы қатарлы, озық үлгілер мен тәжіребелерді енгізу.

**Конференцияға қатысушылардың құрамы:** Құрлық әскерлері Әскери институтының бастығы және оның орынбасарлары, профессорлық-оқытушылар құрамы. Конференцияға Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының әскери институты, Ұлттық Қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі академиясы, Қазақстан Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік комитетінің академиясы және Қазақстан Республикасы Әуе қорғаныс күштері әскери институтынан келген келгендер қатысты. Сонымен қатар Жасұлан әскери арнайы мектеп пен басқа да жоғары оқу орындарынан коцеренцияға сырттай қатысуға өтініштер келіп түсті. Аталған іс - шараға қатысушылардың жалпы саны 72 адам.

**Негізгі бөлім:** Конференция институт бастығымен бекітілген жоспарға сәйкес жүргізілді. Алғаш сөз алған Құрлық әскерлері Әскери институтының бастығы генерал – майор Д.Адырбеков конференция тақырыбының мазмұнына байланысты «Қазіргі таңдағы білім беру парадигмасы білікті адамға бағытталған білімнен мәдениет адамына бағытталған білімге көшуді көздейді. Бұл білім беруді жаңаша ұйымдастыру – оның философиялық, педагогикалық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін тереңірек қайта қарауды қажет етеді» деп атап көрсетті. Алғашқылардың бірі болып баяндама жасаған Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы әскери институтының бастығы PhD докторы, генерал – майор Абжанов Бауыржан Садыкович «Курсанттарды оқыту мен тәрбиелеудің өзекті мәселелері: бүгінгі таңда оларды шешу жолдары» тақырыбындағы баяндамасында Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы әскери институты курсанттары құрамымен қазіргі таңда жүгізіліп жатқан тәрбие мен білім берудің барысына тоқталды. Әрбір әскери жоғары оқу орындарының мамандану саласына байланысты ерекшеліктеріне де назар аударды.

Өз кезегінде институт бастығының (оқу және ғылыми жұмыстары жөніндегі) орынбасары – оқу-әдістемелік басқармасы бастығының міндеттерін уақытша атқарушы подполковник Ж.Саргазин конференцияға қатысушыларға институттымыздың құрылғанының 50 жылдық атаулы мерекесіне орай, оқу орнының қысқаша тарихына тоқталып, қазіргі кездегі курсанттарды оқыту мен тәрбие берудің бірқатар мәселелерінен хабардар етті.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік комитеті академиясының аға оқытушысы Н.А.Габдуллин өзінің «Тәлім алушылардың кәсіби-тұлғалақ өзбетінше дамуын қалыптастыру мәселесі» тақырыбындағы баяндамасында

Қазақстан Республикасы ҰҚК арнаулы жоғары оқу орнында курсанттардың кәсіби-тұлғалық өзбетінше дамуы жайлы сөз қозғамас бұрын, алдымен педагогикалық және психологиялық тұрғыда «өзбетінше даму» түсінігі жайлы ғалымдардың теорияларына қысқаша тоқталып, конференцияға қатысушыларымен заманауи тұжырымдамасымен бөлісті .

Қазақстан Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік комитеті академиясының профессоры, филология ғылымдарының докторы С.Б.Қоянбекова «Қазақ халқының мәдениеті – ұлттық қауіпсіздік негізі» тақырыбындағы баяндамасында Қазақ даласы – Ұлы Түркі елінің қара шаңырағы. Еліміздің тарихтың теңеурінді тасқынында, өткеннің өнегесі мәдени байлығы бүгінгі күннің баға жетпес құндылығы. Ата-бабаларымыз бізге бірліктің, ынтымақтастықтың, тұтыстықтың ұлы үлгісін көрсетті. Қазақстанның арғы-бергі тарихы, ең ғибратты тағылымы халықтың мәдениетінде жатыр. Тарих пен мәдениет тамырлас екендігін негізге алып, қатысушылар арасында жақсы пікірталас тудырды . Сонымен қатар баяндамашы Қазақстан Республикасының білім берудегі дамытудың Мемлекеттік бағдарламасының негізгі міндеттерінің бірі Қазақстандық патриотизмге, төзушілікке, биік мәдениетке, адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге тәрбиелеу болып табылатындығын жеткізді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік комитеті академиясының оқытушысы М.Қ. Бесбаева «Әскери жоғары оқу орны курсанттарының кәсіби құзырлығын қалыптастырудағы математикалық білім берудің мәні» тақырыбындағы баяндамасында қазіргі қоғамда математикалық және ақпараттық технологияларды меңгермей, оларды арнайы пәндермен өзара байланыста пайдаланбай бәсекеге қабілетті маманды дайындау мүмкін емес басты назарға алу қажеттігіне тоқталды.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің магистранты М.Н.Құлсариева «Тілдерді оқыту үдерісінің ақпараттық компьютерлік технологиялар» тақырыбындағы баяндамасында тәуелсіздік алған қысқа тарихи кезең ішінде Қазақстан экономикада елеулі сілкініс жасап, әлемдік өркениетпен

ықпалдасып, жаңа үдеріске ие технологияларды пайдалану үстінде. Елдің әлеуметтік-экономикалық даму перспективалары да айқындалып отырғанына байланысты курсанттарға білім беру саласында да алға ілгерілеу байқалатынын атап өтті.

**Қорытынды:** Институттың Оқу-әдістемелік басқармасы ғылыми – зерттеу бөлімінің ұйымдастырылуымен өткізілген «Курсанттарды оқыту мен тәрбиелеудің өзекті мәселелері: бүгінгі таңда оларды шешу жолдары» тақырыбындағы жоғары оқу орындары арасындағы ғылыми-теориялық конференциясының жұмыс нәтижесі институт бастығы генерал – майор Д.Адырбековтің тұжырымдама баяндамасымен аяқталды. Конференцияға қатысушылар мен баяндамашыларға арнайы сертификаттар тапсырылып, конференцияның материалдар жинағы ұсынылды.

**Оқу-әдістемелік басқармасы  
ғылыми-зерттеу бөлімі бастығының МУА**

**подполковник**

**Е.Ергешов**